



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2017 жылғы 5 маусым*

### **ҚР Ұлттық Банкінде жұмыс істеу үшін талантты жас мамандарды іздестіру бойынша науқанның басталуы туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі талантты жас мамандарды іздестіру бойынша кезекті науқанның басталғаны туралы хабарлайды.

Ұлттық Банк жоғары оқу орындарының талантты түлектерін және экономикалық-қаржылық салада ғана емес, сол сияқты басқа да маңызды бағыттар: IT-саласының мамандары (жүйе талдаушылары мен архитекторлар), құрылыс саласындағы инженерлер, заңгерлер, кадр қызметтері қызметкерлері және т.б. салаларда жұмыс тәжірибесі бар мамандарды тарту жөнінде тұрақты жұмыс жүргізуде. Өткен науқанның нәтижесі табысты болды – 960 қатысушының ішінен 48-і бойынша оң шешім қабылданды.

Ең үздіктерді таңдау кезеңдік тәсіл жолымен қамтамасыз етіледі. Үміткерлерге резюме, эссе ұсынып, психологиялық тестілеуден және құрылымдық бөлімшелердегі, бөлімшелердің басшыларымен, сондай-ақ Ұлттық Банк басшылығымен әңгімелесуден тұратын бірнеше деңгейлі іріктеуден өту ұсынылады.

Үміткерлерді таңдау кезінде біліктілік деңгейінің жоғары болуы, жақсы білімі, жұмыс тәжірибесі, халықаралық қаржылық және тіл білу сертификаттарының болуы, сондай-ақ үміткердің әлеуеті негізгі өлшемшарттар болады.

Егер Сіз мансабыңызды табысты жасап, Ұлттық Банк алдындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін бізбен бірге болып, біздің корпоративтік құндылықтарымыз бен дәстүрлерімізді бірге бөлісіңіз келсе, осы науқанға қатысуға және ұжымымыздың бір бөлігі болуға шақырамыз!

Ол үшін 2017 жылғы 5 маусым – 5 шілде аралығындағы кезеңде Ұлттық Банктің ресми сайтында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz), «Ұлттық Банк туралы» бөлімі/«Бос орындар»/«Түйіндеме» кіші бөлімі) орналасқан «Түйіндеменің» электрондық нұсқасын толтырып, резюме файлын талаптарға сәйкес сақтауыңыз және [HR@nationalbank.kz](mailto:HR@nationalbank.kz) электрондық мекенжайына жіберуіңіз қажет.

Сонымен бірге, іріктеу кезеңдері туралы ақпаратты, сондай-ақ Ұлттық Банктің қызметіне байланысты, оның ішінде жұмысқа орналасуға байланысты кез келген сұрақтарға жауаптарды «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы арқылы алуға болады. Пайдалануда өте ыңғайлы осы интерфесті App Store және Play Market көмегімен орнатуға болатынын еске саламыз.

Резюме және эссе қорытындысы бойынша іріктелген үміткерлер олардың резюмеінде көрсетілген электрондық поштасы немесе телефоны бойынша не «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы арқылы тестілеуге және әңгімелесуге шақырылады.

Сұрақтар туындаған жағдайда 2704-660, 2704-745 телефондарына хабарласуды сұраймыз.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)